

1- тапсырма. Берілген мәтінді оқып, сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Демографиялық саясат дегеніміз не?
2. Демографиялық саясаттың әртүрлі кешенді шаралары кесте толтырыңыз.

Шаралар түрлері	Тууды қолдау	Тууды тежеу
Экономикалық шаралар		
Әкімшілік-құқықтық шаралар		
Насихаттау-тәрбиелік		

3. Демографиялық саясаттың бірінші және екінші типінің айырмашылықтарын түсіндіріңіз.

Демографиялық саясат

Демографиялық саясат - елдегі және аймақтағы халық санын реттеуге бағытталған мемлекеттің ішкі саясатының бір саласы. Халық саны - кез келген елдің дамуының аса маңызды факторы. Сондықтан мемлекет бұл саладағы мәселелерге ерекше көңіл бөледі. Ол әлде халық санының өсуіне жағдай тудырады немесе оны қандай да бір жолдармен шектейді, әлде бұл мәселеге нақтылы араласпай, оның табиғи жолмен реттелуін бақылайды. Демографиялық саясат жүргізу үшін, әдетте, жүйелі түрде халық санағы жүргізіліп отырады. Демографиялық саясат шеңберінде халық құрамы мен құрылымы, өсуі мен өлімі, оның жұмысбастандылығы, көші-қон мәселелері шешіледі. Белсенді Демографиялық саясат жүргізу дамыған және дамушы елдерге бірдей өзекті әрі маңызды болып табылады. Көптеген дамушы, әсіресе, халық саны көп елдерде қазіргі адамдардың өмір сүру деңгейі одан әрі құлдырап кетпеуі үшін адамның табиғи өсімін шектеуі, ал, дамыған елдерде керісінше, бала тууға ынталандыру шаралары жүзеге асырылады.

Демографиялық саясат әртүрлі кешенді шараларды қолданады:

- **экономикалық**, аналарға ақысы төленетін демалыс және бала туған кезден әртүрлі жәрдемақылар, баланың санына, жасына, отбасы жағдайына қарамай жәрдемақылар тағайындау; қарыздар, несиелер, салықтық және тұрмыс, үй жеңілдіктерін беру және т.б.; Аз балалы отбасыларға балабақшаларға, мектептерге орналастыруға жеңілдіктер.
- **әкімшілік-құқықтық**, Жұмыс істейтін аналардың жұмыс уақыт тиімділеу, неке қиюға жасын қарастыру, түсік жасауға тыйым салу. Кей мемлекеттерде заңды түрде неке қиюға жастарын қарастыру, контрацептивтерді міндетті түрде пайдалану. Мысалы Үндістанда стерилизациядан 5 млн адам өтеді
- **насихаттау-тәрбиелік**, Қоғамда демографиялық мінез-құлықты қалыптастыру. Отбасын жоспарлау, контрацептивтерді насихаттау.

Демографиялық саясаттың бағыты ең алдымен мемлекеттегі демографиялық жағдайымен байланысты.

Бірінші типіндегі мемлекеттер демографиялық саясатында бала туу және табиғи өсімді көбейтуге басымдылық беріледі, мысалы: жастарға біржолғы төлемақы, әр туылған сәбиге жәрдемақы (пособия), балаларға арналған ай сайын берілетін жәрдемақы т.б. Туу деңгейін қолдайтын мемлекеттерге Франция, Жапония, Ресейді жатқызуға болады.

Екінші типіндегі мемлекеттер туу деңгейі мен табиғи өсімді төмендетуге бағытталған саясатты жүргізеді. Іс жүзінде осындай саясаттың ең ірі мемлекеттер Қытай мен Үндістан жүзеге асыруда.

Қытайда Конституция бойынша ата-аналар бала тууды жоспарлайды, бала туу үшін жергілікті биліктен рұқсат алу керек. Туу деңгейін төмендеу үшін жоғары неке қию (вступить в брак) жасы белгіленген, жоғарғы оқу орнында білім алу кезінде неке қиюға рұқсат берілмейді. Қытайда 2016 жылдың 1 қаңтарына дейін «бір отбасы-бір бала» бағдарламасы жүзеге асырылды. Заң (закон) бойынша отбасыда бір бала болуы тиіс.

Үндістан 1951 жылдан отбасыны жоспарлау (планирование семьи) бағдарламасын (программа) қабылдады. Ол бойынша неке қию жасы жоғарлатылды, сонымен қоса «біз екеуіміз – бізге екеу» ("Нас двое - нам двоих") ұранымен 4 адамдық отбасы насихатталды (пропагандировалась).

Қолданған интернет сілтемелері

1. https://kk.wikipedia.org/wiki/Демографиялық_саясат
2. <http://www.yaklass.ru/materiali?mode=lsntheme&subid=195&themeid=190>